

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«6М020100 – ФИЛОСОФИЯ» мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*** * ***

ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИНЫ

по специальности «6М020100 – ФИЛОСОФИЯ»

Алматы 2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«6М020100 – ФИЛОСОФИЯ» мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*** * ***

ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИНЫ

по специальности «6М020100 – ФИЛОСОФИЯ»

Алматы 2017

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.**

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген (186 қосымша). ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығымен өзгертулер енгізілген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

1. **РАЗРАБОТАНЫ И ВНЕСЕНЫ** Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

2. Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 августа 2013 года № 343 (Приложение 186). Внесены изменения приказом Министра образования и науки РК от 5 июля 2016 № 425.

3. **УТВЕРЖДЕНЫ** протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящие типовые учебные программы не могут быть тиражированы и распространены без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

@ КазНУ имени аль-Фараби, 2017

KZKF 5301 – ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ
(ғылыми және педагогикалық бағыт)

Көлемі 2 кредит

Авторлар:

Нұрышева Г.Ж. – философия ғылымдарының докторы, профессор,
философия кафедрасының меңгерушісі

Құрманғалиева Ғ.Қ. – философия ғылымдарының докторы, философия
кафедрасының профессоры

Хасанов М.Ш. – философия ғылымдарының докторы, философия
кафедрасының профессоры

Пікір жазғандар:

Нұрмұратов С.Е. – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР
БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану Институты директорының
орынбасары

Аташ Б.А. – философия ғылымдарының докторы, әл- Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің философия кафедрасының доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Қазіргі заманғы қазақ философиясы» пәні– «Философия» мамандығы бойынша магистратураның білім беру беру бағдарламасының міндетті компоненті. Ол отандық философияның бастау, даму кезеңдері және қазіргі заманғы деңгейі туралы білімдер қалыптастырады және қазіргі заманғы қазақ философиясы туралы тұтас түсінік береді.

Магистранттар құзыреттілігінің негізгі формалары:

«Қазіргі заманғы қазақ философиясы» пәнін оқу нәтижесінде студент мына құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

Білу

- қазіргі заманғы қазақ философиясының бастауларын, тарихын және даму логикасын;
- оның негізгі даму кезеңдерін;
- басты бағыттарын, мектептерін, философиялық ізденіс тақырыптарын, белгілі өкілдерін;
- қазіргі заманғы қазақ философиясының негізгі категориялары мен ұғымдарын;
- отандық философияның қазіргі жағдайын.

Жасай білу

- қазіргі заманғы қазақ философиясының мәтіндерімен және олардағы мағыналық құрастырулармен жұмыс істеуді;
- пәнді зерттеудің нәтижелерін жазбаша және ауызша сенімді баяндауды;

- қазақ философиясының дәстүрлі және қазіргі заманғы мәселелері бойынша білімдерін кәсіби қызметте қолдануды.

Дағдыларды меңгеру:

- қазіргі заманғы қазақ философиясының қалыптасуы мен эволюциясының іргелі сұрақтарын сараптау;

- қазіргі заманғы қазақ философиясының категориялары мен терминологиясы жүйесін игеру;

- қазіргі заманғы қазақ философиясының философиялық және ғылыми әдебиеті бойынша рефераттар және аңдатпалар дайындау.

Пререквизиттер: Философия тарихы, Қазақ философиясы, Әлеуметтік философия, Философиялық антропология.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

	Кіріспе
1	Қазіргі заманғы қазақ философиясы: статусы, қызметтері және мәні
2	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шығармашылығындағы философиялық ойлар
3	Кеңестік кезеңдегі қазақ философиясы
4	Қазақ халқының қоғамдық-саяси, этикалық және эстетикалық ойының тарихы мәселесін зерттеу
5	Қазақстандық диалектика мектебі
6	Ғылым философиясы мәселелерінің қазақ философиясында зерттелуі
7	Қазақстандағы фарабитану
8	Қазақ философиясының тәуелсіздік кезеңіндегі дамуы
9	Қазақстанның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мәселелері
10	Қазіргі заманғы қазақ философиясында еуразиялық ағымның қалыптасуы

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Философтардың жаңа буынын дайындауда қазіргі заманғы қазақ философиясын зерттеу аса маңызды. Тәуелсіздік жылдарында біздің елімізде отандық философияның тарихына және қазіргі заманғы даму кезеңіне қызығушылық айтарлықтай өсті. «Қазіргі заманғы қазақ философиясы» пәні «Философия» мамандығының магистранттарын қазіргі заманғы қазақ философиясының қалыптасу және даму кезеңдерімен, Қазақстан философтарының біздің қоғамымыздың өткені мен бүгінінің өзекті мәселелеріне арналған негізгі зерттеулерімен таныстырады.

Пәннің зерттеу *объектісі* – қазіргі заманғы қазақ философиясының қалыптасуы және дамуы.

Пәнді зерттеу *әдістері* – тарихи, диалектикалық, логикалық, компаративистік, өмірбаяндық, тарихи қайта қарастыру, герменевтикалық.

«Қазіргі заманғы қазақ философиясы» пәнінің мақсаты— магистранттардың қазіргі заманғы қазақ философиясының негізгі идеяларын, маңызды бағыттары мен ерекшеліктерін игеруі.

Пәннің міндеттері:

- қазіргі заманғы қазақ философиясының қалыптасу алғышарттарын, даму кезеңдерін, мәні мен мақсатын айқындау;
- қазіргі заманғы қазақ философиясының ең маңызды мәтіндерін, негізгі идеяларын, бағыттарын, категориялары мен ұғымдарын зерттеу;
- қазіргі заманғы қазақ философиясының Қазақстан қоғамының қоғамдық санасы мен тұлғаның өзіндік санасының қалыптасуы үдерісіндегі өзектілігін, оның ерекшеліктерін қазіргі заманғы әлемдік философияның дамуымен, сонымен қатар «Қазақстан – 2050» Стратегиясы және «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық идеясымен байланыстыра айқындау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі заманғы қазақ философиясы: статусы, қызметтері және мәні

Қазақ философиясының мәні және статусы. Әлеуметтік-гуманитарлық білім мен қоғамдық-тарихи практикадағы оның орны және қызметтері. Қазіргі заманғы қазақ философиясы және әлемдік философия.

Қазіргі заманғы қазақ философиясының алғышарттары, даму кезеңдері және мәселелер шеңбері. Қазіргі заманғы қазақ философиясы және тарих, мәдениет, ғылым, дін, өнер.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шығармашылығындағы философиялық ойлар

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың философиялық көзқарасы. Әлихан Бөкейхановтың саясат философиясы. Міржақып Дулатовтың тарих философиясы. Ғұмар Қараштың дін философиясы.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығындағы білім философиясы мен тіл білімі философиясы мәселелері. Мұхтар Әуезов философияның адам мен қоғам өміріндегі рөлі туралы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығындағы көзқарастық және әлеуметтік-саяси мәселелер.

Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы өмір мен өлім мәселесі. Шәкәрім Құдайбердиев: ақиқатты іздеу.

Кеңестік кезеңдегі қазақ философиясы

Соғысқа дейінгі кезеңдегі қазақ философиясы. Қазақстандық кәсіби философияның қалыптасуы және дамуы.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде философия факультетінің ашылуы – Қазақстандағы университеттік философияның бастауы.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы философия және құқық Институтының құрылуы: қазақстандық академиялық философияның дамуы. Негізгі мәселелер және бағыттар.

Қазақ халқының қоғамдық-саяси, этикалық және эстетикалық ойының тарихы мәселесін зерттеу

Отандық философтардың қазақ даласы ойшылдарының, қазақ Ағартушылығы өкілдерінің шығармашылық мұрасын, XX ғасырдың басындағы Қазақстанның идеялық-саяси ағымдарын зерттеуі. Кеңестік Қазақстан философтарының еңбектеріндегі ұлттар және ұлттық қатынастар мәселесі. Қазақстандық философиядағы этикалық және эстетикалық зерттеулер.

Қазақстандық диалектика мектебі

Қазақстанда диалектикалық логиканың қалыптасу алғышарттары. Диалектиканың қазақстандық мектебі зерттеулерінің мақсаттары, міндеттері және ерекшеліктері. Диалектикалық логиканың қалыптасуы мен дамуындағы қазақстандық симпозиумдардың рөлі. Диалектикалық логика мәселелерін, принциптері мен категорияларын зерттеу. Диалектикалық логиканы категориялар жүйесі ретінде қарастыру. Диалектика тарихы. ХХІ ғасырдағы диалектикалық логика.

Ғылым философиясы мәселелерінің қазақ философиясында зерттелуі

Қазақстанда ғылым философиясын зерттеудің бастауы, оның қалыптасуы және даму кезеңдері. Философия және жаратылыстану: ғылыми және философиялық зерттеулердің интеграциясындағы әдістемелік семинарлардың рөлі. Тәуелсіз қазақстандағы ғылым философиясы, қайта бағдарлану және мәселелер ерекшелігі. Ғылым философиясының жаһандық өзгерістер дәуірінде даму болашағы.

Қазақстандағы фарабитану

Қазақстандық фарабитанудың пайда болуы және қалыптасуы: кезеңдері және негізгі бағыттары. Кеңестік кезеңдегі фарабитанудың жалпы сипаттамасы, даму ерекшеліктері және мәселелері. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық фарабитану: жаңа көзқарастық парадигма. Зерттеу әдістемесі, аудармалар. Әл-Фарабидің философиялық мұрасы және философияның қазіргі заманғы мәселелері. «Әл-Фараби» журналы, ойшылдың мұрасын зерттеудегі және насихаттаудағы маңызы. «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасы – әл-Фарабидің «ізгілік қаласының» үлгісі.

Қазақ философиясының тәуелсіздік кезеңіндегі дамуы

Қазақ философиясының тарихы, ұлттық рух және руханилық мәселелері. Философиялық антропология, мәдениет философиясы, дін философиясы, эпистемология, гносеология, онтология, философия тарихы мәселелерін зерттеуге қазақ философтарының қосқан үлесі.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік Бағдарламасы: мақсаты, міндеттері және Қазақстанның мәдени, ғылыми-білім беру кеңістігіндегі рөлі.

Қазақстанның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мәселелері

Өтпелі қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгерістерінің негізгі ұғымдары (концептері). Өтпелі қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгерістері бағытталу векторын және сипатын зерттеу әдістемесі. Қазақстанның өтпелі қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістері – қазіргі заманғы демократиялық үдерістердің бөлігі. Постмодернизациялау – өтпелі қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгерістерінің ерекше формасы. Өтпелі қоғамның посткоммунистік әлеуметтік-мәдени өзгерістерінің өзіндік ерекшелігі. Ашық демократиялық қоғам құруға бағыт алу. Ұлттық бірегейлікті іздеу. «Қазақстан-2050» Стратегиясы.

Қазіргі заманғы қазақ философиясында еуразиялық ағымның қалыптасуы

Евразия ұғымы және оның даму жолдары. Евразиялық – Еуропа мен Азияның, Шығыс пен Батыстың, континентализм мен атлантизмнің синтезінің әлеуметтік докторинасы. Шығыс пен Батыстың мәдени-тарихи қатынастары динамикасының еуразиялық концепциясы.

Қазақстан және Еуразиялық интеграция: идея, мәселелер және болашақ. Н.Ә.Назарбаевтың еуразиялық жобасы.

Әлемдік қоғамдастықтың әлеуметтік-мәдени трансформациясындағы еуразиялықтың рөлі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. Қазіргі заманғы қазақ философиясы: статусы, қызметтері және мәні.
2. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шығармашылығындағы философиялық ойлар.
3. Кеңестік кезеңдегі қазақ философиясы.
4. Қазақ халқының қоғамдық-саяси, этикалық және эстетикалық ойының тарихын зерттеудегі мәселелер.
5. Қазақстандық диалектика мектебі.
6. Ғылым философиясы мәселелерінің қазақ философиясында зерттелуі.
7. Қазақстандағы фарабитану.
8. Қазақ философиясының тәуелсіздік дәуіріндегі дамуы.
9. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мәселелері.
10. Қазіргі заманғы қазақ философиясында еуразиялық ағымның қалыптасуы.

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. О.А.Сегізбаевтың «Қазақ философиясының тарихы» еңбегіндегі XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының философиялық көзқарастары ерекшеліктерін ашыңыз.

2. М.С.Бурабаевтың «Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг.» еңбегін зерттеп, Қазақстанның қоғамдық-философиялық және саяси ойының соғысқа дейінгі даму кезеңдерінанықтаңыз.

3. Ж.М.Әбділдин мен Қ.Ә.Әбішевтің «Формирование логического строя мышления в процессе практической деятельности» шығармасын оқып, қазақстандық диалектика мектебінің дамуын көрсетіңіз.

4. Д.К.Кішібековтің «Философия независимости (размышления)» еңбегіндегі Қазақстанның болашағы идеясын саралаңыз.

5. А.Х.Қасымжановтың «Портреты: Штрихи к истории Степи» еңбегін зерттеп, қазақ ойшылдарының философиялық идеяларының мәнін ашыңыз.

6. Б.Р.Казыханованың «Пути в мир прекрасного» еңбегіндегі өнер философиясы мәселелерін зерттеңіз.

7. Н.С.Сәрсенбаевтың «Обычаи и традиции в развитии» еңбегіндегі қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.

8. Ә.Н.Нысанбаевтың А.Н. «Глобализация и проблемы межкультурного диалога» еңбегінде қазақ халқының ұлттық рухының қалыптасу мәселесін зерттеңіз.

9. С.Ақатайдың «Мировоззренческий синкретизм казахов» туындысындағы қазақтардың дәстүрлі көзқарасындағы философиялық ойлау элементтерін ашыңыз.

10. З.А.Мұқашевтің «Иммануил Кант – великий философ» еңбегін талдаңыз.

11. М.С.Орынбековтың «Духовные основы консолидации казахов» кітабы бойынша қазақ халқының қалыптасып, дамуындағы руханилықтың рөлін зерттеңіз.

12. Ғ.А.Ақмамбетовтың «Проблема нравственного развития личности» еңбегіндегі тұлғаның қалыптасу және даму алғышарттарын көрсетіңіз.

13. Ғарифолла Есімнің «Хакім Абай» еңбегіндегі Абайды жаңаша түсінуді сараптаңыз.

14. Ж.Ж.Молдабековтің «Қазақтану» еңбегін оқып, қазақ ділінің (менталитетінің) ерекшеліктерін талдаңыз.

15. С.Қ. Мырзалының «Проблемы взаимосвязи политики и морали» еңбегінде қарастырылған руханилық және адамгершіліктік мәселелерін сараптаңыз.

16. Қ.Ш.Нұрланованың «Человек и мир: казахская идея» туындысы бойынша қазақтардың философиялық дүниетанымының негізгі категорияларын зерттеңіз.

17. М.Сәбитовтің «Формирование и развитие квантовой механики: логико-гносеологический анализ» кітабында ғылыми теория, оның мәні, қалыптасу және даму заңдылықтарының зерттелуін көрсетіңіз.

18. Р.Б.Әбсаттаровтың «Национальный процесс: особенности и проблемы» еңбегіндегі ұлтаралық қатынастардың талдануын ашыңыз.

19. Г.Г.Соловьеваның «Современная западная философия» монографиясы бойынша Шығыс пен Батыс философиясының ішкі компаравистикасын айқындаңыз.

20. Н.К.Сейтахметовтың «Нравственный смысл германского идеализма» еңбегінде неміс классикалық философиясының зерттелуін сараптаңыз.

21. М.З.Изотовтың «Социально-культурные детерминанты интеграции современной науки» кітабындағы ғылым философиясы мәселелерін зерттеңіз.

22. Н.Ж.Байтенованың «Межэтнические интеграции: проблемы, реалии, перспективы» еңбегіндегі Қазақстандағы ұлтаралық интеграция мәселесін ашыңыз.

23. Г.Қ.Құрманғалиеваның «Восточно-перипатетическая рациональность: опыт философской репрезентации» монографиясындағы арабтілді философияның рационалдық дәстүрінің қалыптасуындағы әл-Фарабидің рөлін көрсетіңіз.

24. С.Ю.Колчигиннің "Истина. История души" еңбегін оқып, философиялық тұлғалық сипатын талдаңыз.

25. Н.Л.Сейтахметованың «Проблема человека в мусульманской философии» кітабы бойынша мұсылман философиясының антропоцентризмін айқындаңыз.

26. А.Р.Масалимованың «Феномен маргинальности в культуре» монографиясы бойынша маргиналдықтың жағымды феномен ретіндегі мәнін ашыңыз.

27. Б.Ы.Кәріпбаевтың «Трансформации национального сознания в модернизационных контекстах современного Казахстана» еңбегі бойынша Қазақстан қоғамының құндылықтық императивтерінің қалыптасуындағы негізгі тенденцияларды талдаңыз.

28. В.Ф.Петрованың «Трансформация демократии» монографиясындағы демократияның мәні мен мақсатын анықтаңыз.

29. Қуаныш Әлжанның «М.Қашқари кеңістігі және оның дүниетанымдық бағдарлары» туындысы бойынша Махмұд Қашғаридың рухани дүниесін зерттеңіз.

30. Досай Кенжетайдың «Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы» еңбегін оқып, қазақ мұсылмандығының негіздері мен ерекшеліктерін ашыңыз.

31. С.Ж.Еділбаеваның «История и философия образования» монографиясы бойынша білім берудің модернистік және постмодернистік концептерін салыстырыңыз.

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ОҚЫТУШЫМЕН БІРГЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. М.М.Сужиковтің «Социально-экономические проблемы национальной консолидации» еңбегінде қазақ ұлтының қалыптасуының заңдылықтары мен ерекшеліктерінің зерттелуі.
2. Қ.Х.Рахматулиннің «Звездный век человечества» туындысындағы жаратылыстану философиясы мәселелері.
3. А.Х.Қасымжановтың және А.Ж.Келбұғановтың А.Ж. «О культуре мышления» шығармасында ойлау заңдылықтарының зерттелуі.
4. Қ.Ә.Әбішевжәне басқалардың«Власть как ценность и власть ценностей: метаморфозы свободы» туындысы және қазіргі заманғы Қазақстан қоғамының шындығы.
5. Ә.Н.Нысанбаев, А.Г.Косиченко, Р.Қ.Қадыржановтың «Философский анализ науки в контексте социокультурной трансформации общества» еңбегіндегі ғылым философиясы мәселелері.
6. М.Ш.Хасанов, Ж.К.Қаракөзованың«Космос казахской культуры» еңбегіндегі номадтар мәдениетінің ерекшеліктері.
7. А.Т.Тайжановтың «М.О.Ауэзов – мыслитель» монографиясында XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік және рухани салаларының талдануы.
8. С.Х.Сатыбекованың «Гуманизм аль-Фараби» еңбегінде әл-Фарабидің адам концепциясының сарапталуы.
9. Б.К.Байжігітовтың «Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері» монографиясында қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі кеңістік пен уақыт категорияларының зерттелуі.
10. Н.Г.Аюповтың «Тенгрианство как открытое мировоззрение» еңбегінде түркітілді халықтар мәдениетінің көзқарастық және рухани бірлігінің негізделуі.
11. Әл-Фарабидің «Әріптер кітабының» К.Х.Таджикова жасаған аудармасы және қазіргі заманғы тіл философиясы мәселелері.
12. Т.Х.Рысқалиевтің «Даналық пен түсініктің үлгілері» монографиясында философияның тарихи өлшемдерде қарастырылуы.
13. Қ.З.Халықовтың «Адам мәнінің бейнелеу өнеріндегі көрінісі» монографиясындағы өнер философиясы мәселелері.
14. Б.М.Аташтың «Биболмыс философиясы» еңбегіндегі биболмыстың сипаттамасы.
15. Ю.Е.Лифановтың «Направления и приоритеты научно-технического развития» туындысындағы ғылым философиясы мәселелері.
16. А.Қ.Қасабек, С.А.Қасабек С.А. «Искание истины» шығармасында ұлттық бірлік пен индивидуалдық еркіндікке жету жолдары туралы.
17. Б.Ғ.Нұржановтың «Модерн. Постмодерн. Культура» монографиясындағы постмодернизм мәселесі, әдістемесі, теориялары және ұғымдық аппараты.

18. Ғ.Т.Телебаевтың «Историко-философская культура и традиция существования» еңбегінде Батыс философиясындағы бар болу мәселесінің сарапталуы.

19. Г.Ғ.Барлыбаеваның «Эволюция этических идей в казахской философии» еңбегіндегі ақындар мен жыраулардың этикалық дүниесі.

20. С.Е.Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау» шығармасында қазақ халқының рухани құндылықтарының қалыптасу және даму ерекшеліктерінің қарастырылуы.

21. Г.Ж.Нұрышеваның «Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау» монографиясындағы өмірмәндік мәселе.

22. А.А.Хамидовтың «Категории культуры» еңбегіндегі категориялардың мәдени-тарихи сипаты және олардың трансформациялары мәселесі.

23. З.Н.Сәрсенбаеваның «Этнос и ценности» еңбегінде қазақ социумы құндылықтарының дәстүрлер мен инновациялар динамикасында қарастырылуы.

24. Д.Ө. Құсайыновтың "XX ғасырдың басындағы қазақ философиясы: мәдениет, әлеумет және саясат мәселелері" еңбегінде XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары көзқарастарының талдануы.

25. Ө.Қ.Бекежанның «Техника феномені: әлеуметтік-философиялық талдау» еңбегіндегі техника мен ақпараттық технологиялардың философиялық-этикалық мәселелері.

26. А.С.Сырғақбаеваның «Философия города» монографиясындағы қала адамының экзистенциалдық болмысы.

27. А.С.Сағиқызының «Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер» еңбегінде гуманизм феноменінің зерттелуі.

28. К.И.Молтобарованың «Көркем ойлау философиясы» еңбегіндегі қазақ халқының эстетикалық танымының ерекшеліктері.

29. К.А.Медеуованың «Антропология и утопия новой столицы Казахстана: в поисках эстетики власти» еңбегінде Астананың философиялық-антропологиялық зерттеу объектісі ретінде талдануы.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Абдильдин Ж. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Өнер, 2000.

2. Бейсембиев К.Б.Идейно-политические течения в Казахстане конца XIX-начала XX века. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961.

3. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг. А., 1989.

4. Нысанбаев А. Н. Собрание сочинений в десяти томах. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2016.

5. Сегизбаев О.А. История казахской философии и социально-политической мысли (От архаичных представлений древних до учений раз-

витых форм XIX – первой половины XX века.). Алматы, 2001.

6. Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф. Генезис и развитие казахской цивилизации. От VIII века до наших дней. Издательский Дом. Palmarium Academic Publishing, Германия. 2015, 172 с.

Қосымша:

1. Алтаев Ж.А. Қазақ философиясы. Алматы, 2016.

2. Әл-Фараби және қазіргі заман/Ғ.М. Мұтановтың ред. Алматы, 2014.

3. Диалектическая логика: Формы и методы познания // под ред. Ж.М.Абдильдина. - А., 1987.

4. Есім Г.Е. Сана болмысы. Алматы. 1994- 2007 жж.

5. Касабек А., Касабек С. Искание истины. А., 1998.

6. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. А., 2001.

7. Кшибеков Д.К., Кшибеков Т.Д. Казахстан. Переходный период: Проблемы и трудности. – Алматы: Айкос, 1990.

8. Қазақ философиясы тарихы. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін. З.К.Шәукенова, С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. 1-3 томдар. Алматы, 2014-2016.

9. Қазақ философиясы: өткені, бүгіні және болашағы / Казахская философия: прошлое, настоящее и будущее/Ред. Г.Ж.Нұрышева, А.Х.Рамазанова. – Алматы, 2016.

ГТҒ5301 – ҒЫЛЫМНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯСЫ

(бейіндік бағыт)

Көлемі 3 кредит

Авторлар:

Нұрышева Г.Ж. – философия ғылымдарының докторы, профессор,
философия кафедрасының меңгерушісі

Хасанов М.Ш. – философия ғылымдарының докторы, философия
кафедрасының профессоры

Сырғақбаева А.С. – философия ғылымдарының докторы, философия
кафедрасының профессоры

Лифанова Т.Ю. – философия ғылымдарының кандидаты, философия
кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Изотов М.З. – философия ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Білім
Комитеті Философия, саясаттану және дінтану Институтының бас ғылыми
маманы

Аташ Б.М. – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеті философия кафедрасының доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Ғылымның тарихы және философиясы» курсы магистратураның барлық мамандықтары үшін міндетті. Ол магистранттардың бойында ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырады, сараптамалық қабілет пен ізденіс қызметінің дағдыларын дамытып, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білімдер береді.

Ғылымға және нағыз ғалымға қажеттілік күшейіп отырған қазіргі заманда бұл пәнді зерттеу қоғам үшін де, жас ізденуші үшін де аса маңызды.

Негізгі құзыреттіліктер:

«Ғылымның тарихы және философиясы» пәнін оқу нәтижесінде магистрант мына құзыреттерге ие болады:

Білу

- ғылымның табиғатын, құрылымын, ұйымдастыру және қызмет ету принциптерін;

- ғылымның генезисі мен тарихын: оның үлгілерінің, бейнелерінің және ойлау түрлерінің қалыптасуы тұрғысынан;

- ғылыми және философиялық ойдың өзара байланысын;

- ғылымның тарихы мен философиясының іргелі негізін және ұғымдық аппаратын;

- білімді өндіруді, ғылыми пәндердің қалыптасу және даму заңдылықтарын;

- ғылыми ізденіс қызметінің негізгі принциптерін.

Жасай білу:

- ғылыми ізденіс қызметінде туындайтын және терең кәсіби білімдерді қажет ететін міндеттерді тұжырымдауды және шешуді;
- зерттеудің қажетті әдіс-методтарын таңдауды, бұрынғыларын жетілдіруді және нақты ізденістің міндеттерінен туындайтын жаңа әдіс-методтарды жасауды;
- ғылымның тарихы мен философиясының, жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық білімдер методологиясының негізінде қазіргі заманғы теория мен практиканың шындығын сараптауды және түсінуді;
- әдістемелік және әдістік білімдерді ғылыми ізденісте, педагогикалық және тәрбие жұмыстарында қолдануды.

Дағдыларды меңгеру:

- сәйкес бағытта іргелі білімді қажет ететін ғылыми-ізденістік және ғылыми-педагогикалық қызмет жүргізе білу;
- ғылыми мақалалар, тезистер жазу, конференцияларда, симпозиумдарда, дөңгелек үстелдерде, пікірталастар мен пікір алмасуларда сөйлей білу.

Пререквизиттер: Аргументация теориясы және практикасы, Онтология және гносеология, Философия тарихы.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

	Кіріспе
1	Ғылымның тарихы және философиясының пәні
2	Ғылымның көзқарастық негіздемелері
3	Ғылымның қызметтері
4	Ғылымның пайда болуы және қалыптасуы. Ежелгі дүниедегі, Орта ғасырдағы және Қайта Өркендеу дәуіріндегі ғылым
5	Жаңаеуропалық ғылым – ғылымның дамуының классикалық кезеңі
6	Ғылымның дамуының классикалық емес және постклассикалық емес кезеңінің негізгі концепциялары және бағыттары
7	Ғылыми танымның құрылымы мен деңгейлері
8	Ғылымның мамандық ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары
9	Ғылымның философиялық негіздемелері және дүниенің ғылыми бейнесі
10	Ғылыми дәстүрлер және ғылыми революциялар
11	Жаратылыстану ғылымдары мен техникалық ғылымдардың тарихы және философиясы
12	Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тарихы және философиясы
13	Ғылым философиясы және диалектика мәселелерінің қазақ философиясында зерттелуі

14	Қазіргі заманғы жаһандық өркениет дамуының философиялық мәселелері
----	--

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Ғылымның тарихы және философиясы» курсы - ғылым феноменінің арнайы философиялық талдау пәні болып табылады және курс барысында ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым дамуының заңдылықтары және ғылыми білімнің құрылымы, ғылымның мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері, ғылыми ізденіс жүргізу әдістері, ғылымның қоғам дамуындағы рөлі туралы туралы білім қалыптастырады.

Пәннің зерттеу *объектісі* – ғылымның тарихы және философиясы.

Пәннің зерттеу *әдістері* – диалектикалық, тарихи-логикалық, компаративистік әдістер, абстрактылықтан нақтылыққа өту принципі.

Курстың *мақсаты* – ғылыми білім өндіруге бағытталған ерекше қызметтің заңдылықтарын және даму тенденциясын зерттеу. Зерттеу тарихи динамика негізінде, тарихи өзгермелі әлеуметтік-мәдени контексте қарастырылады.

Курстың *міндеттері*:

- ғылымның тарихы мен философиясының негізгі мәселелерін, тақырыптарының ерекшеліктерін және өзара байланысын анықтау;
- ғылымның өзіндік санасын оның әлеуметтік-философиялық қырлары тұрғысынан ашу;
- ғылымның мамандық, әлеуметтік институт және өндіргіш күш ретіндегі феноменін түсіндіру;
- жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдардың пәндік ерекшеліктерін, олардың ортақ жақтары мен айрықшылықтарын ашу.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғылымның тарихы және философиясының пәні

Ғылым философиясының негізгі тақырыптары. Ғылым философиясының мәселелері мен нәтижелері, олардың ғылым мен философия үшін маңызы. Ғылыми білімнің даму заңдылықтары – ғылым тарихының пәні. Ғылымды зерттеудің қырлары: ғылым философиясы, ғылымтану, ғылым социологиясы, ғылым психологиясы, ғылым этикасы.

Ғылымды білім жүйесі және әлеуметтік институт ретінде түсіну. Ғылым – қоғамдық сананың формасы және қоғамның өндіргіш күші. Ғылымның мәдениеттегі орны мен рөлі туралы пікірталастар: сциентизм және антисциентизм. Интернализм және экстернализм – ғылым тарихының екі қарама-қарсы концепциясы: А.Койре мен Дж.Бернал – әдістердің жүзеге асуының үлгілері. Ғылыми білім динамикасының кумулятивтік және антикумулятивтік үлгілері.

Ғылымның көзқарастық негіздері

Ғылымның - дүниетанымның тарихи типтерімен және қоғамдық сананың формаларымен өзара байланысы. Ғылыми және қарапайым сана: пайым және ақиқат. Ғылым – дүниені игерудің ерекше тәсілі. Ғылыми танымның ерекшеліктері. Шындықты заттық және объективті зерттеу.

Мәдениет типінің өзгеруінің ғылыми білімді баяндау түрлеріне, шындықты көру тәсілдеріне, ойлау мәнерлеріне ықпалы. Ғылыми білімнің генерациясы үрдісіне әлеуметтік-мәдени факторлардың қосылуы. Ғылымның адамның рухани қызметінің басқа түрлерімен өзара ықпалдастығы. Ғылымның дамуындағы философияның рөлі.

Ғылымның қызметтері

Ғылымның қызметтерін классификациялау мәселесі. Ғылымның мәдени қызметі. Ғылым – әлеуметтік реттеу факторы. Ғылымның қоғам қажеттіліктеріне әсері. Ғылым – рационалды басқару факторы және шарты. Ғылым және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Ғылымның гуманистік қызметі. Ғылымның экологиялық қызметі. Ғылым және қазіргі заманғы білім беру жүйесі.

Білім беру үрдісінің негізгі құрамдас бөліктерін қалыптастырудағы ғылымның рөлі: мақсаттары, құралдары, нәтижелері, принциптері, формалары және методтары. Ғылымның рөлі мен өзектілігінің қазіргі заманда арта түсуі.

Ғылымның пайда болуы және қалыптасуы. Ежелгі дүниедегі, Орта ғасырдағы және Қайта Өркендеу дәуіріндегі ғылым

Вавилон, Египет ғылымы: математика, астрономия. Қытай медицинасы. Ежелгі Үндідегі математика, астрономия, медицина.

Ежелгі Греция – ғылымның отаны. Антика ғылымын үш ғылыми-зерттеу бағдарлама тұрғысынан қарастыру: платондық-пифагорлық, атомистік, аристотельдік. Метафизиканың ғылымдағы эвристикалық рөлі. Философия – натурфилософия, бірінші ғылым. Антикалық математиканың дамуы. Антикалық астрономия. Александриялық мусейон және александриялық кітапхана – ғылымның институционалдануының алғашқы формалары. Дүниенің аристотельдік-птолемейлік бейнесі.

Ортағасырлық Батыстағы ғылыми таным. Логиканың, ойлаудың логикалық нормаларының дамуы және ортағасырлық ғылымды ұйымдастыру.

Ортағасырлық Орталық Азия, Таяу және Орта Шығыстағы ғылым. Әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Бируни, ибн Сина, ибн Рушдтың ғылыми көзқарастары.

Дүниенің Коперник ұсынған геоцентристік жүйесі. Аристотель физикасының гелиоцентристік астрономияға сәйкес келмеуі. И.Кеплер: планеталар қозғалысының үш математикалық заңының ашылуы. Галилейдің астрономиялық жаңалықтары. Эксперименталдық методтың пайда болуының

және оны табиғатты математикалық сипаттаумен байланыстырудың алғышарттары.

Жаңаеуропалық ғылым – ғылым тарихының классикалық кезеңі

Ғылымдағы метод (әдіс) мәселесі. Эксперименталдық (тәжірибелік) ғылымның пайда болуының әлеуметтік-мәдени шарттары: ғылымның әлеуметтенуі, ғылымның институционалдануы. Жаратылыстану ғылымдарының қалыптасу ерекшеліктері, Жаңа дәуірдегі жаратылыстану сынақтарын жүргізушінің рөлі. Ғылыми ойдың философияға ықпалы: Декарт, Лейбниц, Кант. И.Ньютонның «Натурфилософияның математикалық бастаулары» еңбегі – жаңа жаратылыстану парадигмасы: қозғалыстың үш заңы және әмбебап тартылыс принципі. Философия жаңа ғылымға рефлексия ретінде: Р.Декарттың рационализмі және *mathesis universalis* идеясы; Ф.Бэконның эмпиризмі.

Ғылым дамуының классикалық емес және постклассикалық емес кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары

Ғылымның және ғылыми білімнің даму концепциялары. Позитивизмнің бірінші толқыны: О.Конт, Г.Спенсер, Дж.С.Милль. Э.Махтың эмпириокритицизмі. Ғылым бейнесінің ғылым философиясында өзгеруі. Ғылыми білім қозғалысының кумулятивтік үлгісі: логикалық позитивизм және верификация принципі, Вена үйірмесі, Р.Карнап. Позитивизмнің дағдарысын түсіну: Э.Гуссерль. К.Поппер революциялық эпистемология және фальсификация принципі туралы. И.Лакатостың ғылыми-зерттеу бағдарламалары. Антикумулятивизм. Т.Кун: ғылымның дамуы – парадигмалардың ауысуы. П.Фейерабендтің «эпистемологиялық анархизмі» және оның ғылым тарихын рационалды реконструкциялау мүмкіндігін терістеуі. М.Поланидің көрінбейтін білім концепциясы. Постмодернистік дискурс жаңа жанр ретінде: Р.Рорти. Қазіргі заманғы ғылымның қайшылықтары: постмодерннің жағдайы, Ж.-Ф. Лиотар.

Ғылыми білімнің құрылымы және деңгейлері

Танымның эмпирикалық деңгейінің ерекшеліктері және сипаттық белгілері. Ғылымның эмпирикалық тілінің ерекшеліктері. Негізгі эмпирикалық білімдердің, фактілердің (бақылаулардың, эксперимент пен өлшеулердің) қалыптасуы. Эмпирикалық зерттеулердің «теориялық жүктелуі».

Ғылыми білім – күрделі дамушы жүйе. Ғылыми білімнің типтерінің көптүрлілігі. Теориялық танымның ерекшеліктері. Теориялық танымның құрылымдық компоненттері: мәселе, гипотеза, теория. Ғылыми теорияның критерийлері. Теориялық танымның методтары: формалдау, аксиоматикалық, гипотетикалық-дедуктивтік, абстрактылықтан нақтылыққа өту. Диалектика, жүйелілік әдісі және жүйелі сараптау. Жүйелілік әдісінен синергетикаға көшу. Синергетикалық парадигманың қалыптасуы. Ғылыми танымдағы антроптық принцип.

Ғылымның мамандық ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары.

Ғылымның мамандық пен қызметтің ерекше түрі ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары – ғылыми қызметтің мақсаттары және оларға жету тәсілдері туралы түсініктері. Объектіні ғылыми білімнің түрлі формаларында бейнелеу үрдісін реттеуші танымдық тұғырнамалар. Ғылыми ізденістің әлеуметтік нормативтері. Зерттеушілердің, ғылыми қоғамдастықтардың бір-бірімен және жалпы қоғаммен коммуникациясының ерекшеліктері. Ғылымның танымдық идеалдары – зерттеу қызметінің методтары схемасын қалыптастырушылар.

Ойлау мәнері түсінігі және оның мәдени-тарихи шарттылығы. Ғылыми ізденістің идеалдары мен нормаларын әрбір ғылымның пәндік саласының ерекшеліктеріне қатысты нақтылау.

Зерттеудің идеалдары мен нормаларының құрылымы: түсіндіру мен сипаттаудың; білімнің дәлелділігі мен негізделгендігінің; білімдерді құрастыру мен ұйымдастырудың идеалдары мен нормалары. Ғылымның идеалдары мен нормаларының дүниенің ғылыми бейнесіне, теориялық модельдерге және заңдарға қатысты алғандағы реттеушілік рөлі.

Ғылымның философиялық негіздемелері және дүниенің ғылыми бейнесі

Философиялық идеялар – ғылымның онтологиялық постулаттарының, ғылыми ізденістің гносеологиялық нормативтерінің және аксиологиялық тұғырнамалардың (идеалдар мен нормалардың) негізі. Ғылымның философиялық негіздемелері – дүниенің ғылыми бейнесінің (объектінің схемасының) ғылымның идеалдарымен, нормативтік құрылымдарымен (методтың схемасымен) түйісуінің шарттары. Философиялық идеялар – ғылыми ізденіс эвристикасының шарты ретінде. Ғылымдағы философиялық эвристиканың және философиялық негіздемелердің арақатынасы. Философия – жүйелі объектілердің жаңа типтерін игеруге қажетті категориялық құрылымдардың генерациясы. Философиялық негіздеу – ғылыми білімдердің мәдениетке ену шарты.

Дүниенің ғылыми бейнесінің негізгі типтері: дүниенің жалпығылымдық, жаратылыстануғылымдық, әлеуметтік және локалды (арнайы) ғылыми бейнелері. Дүниенің ғылыми бейнесінің жалпымәдени мәні.

Ғылыми дәстүрлер және ғылыми революциялар

Ғылыми дәстүрлер мәселесі. Дәстүрлердің өзара әсері және жаңа білімнің пайда болуы. Ғылыми революциялардың мәні мен құрылымы. Ғылыми революциялар – ғылымның негіздемелерін қайта құру. Ғылыми революциялардың типологиясы. Ғылыми революциялардың концепциялары. Ғылымдағы революциялық өзгерістердің факторлары. Ғылыми революциялардың әлеуметтік-мәдени алғышарттары. Ғылыми революциялар

мен парадигмалар. Революциялар мен дәстүрлердің ғылымның динамикасындағы арақатынасы.

Жаратылыстану ғылымдарының және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясы

Жаратылыстану және техниканың дамуы. Жаратылыстану және қоғамның әлеуметтік өмірі. Жаратылыстану және дүниенің ғылыми бейнесі. Жаратылыстану ғылымдарының классификациясы. Физика – жаратылыстанудың іргесі. Жаратылыстану ғылымдық және гуманитарлық білімнің физикасы мен синтезі. Бұл синтездегі синергетиканың рөлі. Биология және дүниенің қазіргі заманғы эволюциялық бейнесінің қалыптасуы. Биологиялық эволюциялық теориядан жаһандық эволюционизмге. Математика және жаратылыстану. Математика – ғылым тілі ретінде. Математикалық әдістер және ғылыми білімнің қалыптасуы. Космос және техногендік өркениеттің жаһандық мәселелері. Астрономия және адамзаттың космостық болашағының перспективалары. Космизм және антикосмизм: қазіргі заманғы пікірталастар.

Техникалық ғылымдардың ерекшеліктері, олардың жаратылыстану ғылымдарына және қоғамдық ғылымдарға, математикаға қатынасы. Қазіргі заманғы техника философиясының негізгі мәселелері.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тарихы және философиясы

Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымнан тыс білімдердің ғылымға дейінгі, ғылыми емес, парағылыми, жалғанғылымдық және антиғылыми формалары. Әлеуметтік-гуманитарлық циклдың ғылыми пәндерінің қалыптасуы: эмпирикалық мәліметтер және тарихи-логикалық реконструкциялар. Ғылыми білімнің пәндік құрылымының әлеуметтік-мәдени шарттылығы: әлеуметтану, экономика, саясаттану, мәдениет туралығылым –қоғамның жеке салаларының салыстырмалы еркіндігінің танымда көрініс табуы. Қазақстандағы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар.

Ғылым философиясы және диалектика мәселелерінің қазақ философиясында зерттелуі

Қазақстанда диалектикалық логиканың қалыптасу алғышарттары. Диалектиканың қазақстандық мектебі зерттеулерінің мақсаттары, міндеттері және ерекшеліктері. Диалектикалық логиканың қалыптасуы мен дамуындағы қазақстандық симпозиумдардың рөлі. Диалектикалық логика мәселелерін, принциптері мен категорияларын зерттеу. Диалектикалық логиканы категориялар жүйесі ретінде қарастыру. Диалектика тарихы. ХХІ ғасырдағы диалектикалық логика.

Қазақстанда ғылым философиясын зерттеудің бастауы, оның қалыптасуы және даму кезеңдері. Философия және жаратылыстану: ғылыми және философиялық зерттеулердің интеграциясындағы әдістемелік

семинарлардың рөлі. Тәуелсіз Қазақстандағы ғылым философиясы, қайта бағдарлану және мәселелер ерекшелігі. Ғылым философиясының жаһандық өзгерістер дәуірінде даму болашағы.

Қазіргі заманғы жаһандық өркениет дамуының философиялық мәселелері

Қазіргі заманғы жаһандық өркениет және оның ерекшелігі, дүниенің реттілігінің дамуына ықпалы. Қазіргі заманғы жаһандық өркениет философиясының қызметтері. А.Морган, Ф.Энгельс, М.Барг, М.Вебер, Р. Тейлордың өркениет туралы ілімдері. Тарихи және қоғамдық үрдісті өркениеттік ұстаным тұрғысынан зерттеу. Өркениеттік ұстанымның негізгі бағыттары: сызықтық-сатылық өркениеттік парадигма және локалдық өркениеттер теориясы. О.Тоффлердің, С.Хантингтонның ілімдері. Д.Беллдің постиндустриалдық қоғам теориясы. Мак-Люэннің ақпараттық өркениет концепциясы.

Өркениеттік дихотомияның әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары: батыс және шығыс. Өркениет тұрғысынан қарастырғанда қазақстандық жолдың ерекшелігі. Қазақстандық өркениеттік бірегейліктің қалыптасуы. Қазақстан және қазіргі заманның жаһандық мәселелері.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. Ғылымның тарихы және философиясының пәні.
2. Ғылымның көзқарастық негіздемелері.
3. Ғылымның қызметтері.
4. Ғылымның пайда болуы. Ғылым динамикасының негізгі кезеңдері.
5. Жаңаеуропалық ғылым – ғылым дамуының классикалық кезеңі.
6. Ғылым дамуының классикалық емес және постклассикалық емес кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары.
7. Ғылыми білімнің құрылымы және деңгейлері.
8. Ғылымның мамандық ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары.
9. Ғылымның философиялық негіздемелері және дүниенің ғылыми бейнесі.
10. Ғылыми дәстүрлер және ғылыми революциялар.
11. Жаратылыстану ғылымдарының және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясы.
12. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тарихы мен философиясы.
13. Қазіргі заманғы жаһандық өркениет дамуының философиялық мәселелері.

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. Ғылымның тарихы және философиясының пайда болу алғышарттары.
2. Ғылым философиясы және ғылымтану пәндері, олардың өзара әсері.
3. Ғылымның генезисі және оның тарихын кезеңдерге бөлу.
4. Ежелгі дүние ғылымының ерекшеліктері. Теориялық ғылымының алғашқы формаларының қалыптасуы.
5. Орта ғасырдағы ғылым.
6. Жаңа дәуір ғылым. Тәжірибелік ғылымның қалыптасуы.
7. Классикалық емес ғылымның идеялары мен методтарының қалыптасуы.
8. Абай Құнанбаев ғылымның адам өміріндегі рөлі туралы.
9. Шоқан Уәлихановтың ғылыми шығармашылығы.
10. Қазақстан ғылымның қалыптасуы және дамуы.
11. Ғылым – қазіргі заманғы Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік прогресінің негізі.
12. Ғылыми танымның құрылымы. Эмпирикалық және теориялық зерттеулердің ерекшеліктері.
13. Дүниенің ғылыми бейнесі.
14. Ғылымның динамикасы және заңдылықтары.
15. Ғылым – таңдау және мамандық.

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ОҚЫТУШЫМЕН БІРГЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. Ғылыми зерттеудің әдістемесі.
2. Феноменализм мен эмпиризм позитивизм әдістемесінің философиялық негіздемесі.
3. Фаллибилизм мен гипотетизм сыни рационализмнің әдістемелік концепциясының негіздемесі.
4. К.Поппердің ғылыми білімнің өсуі концепциясы.
5. К.Поппердің концепциясының гносеологиялық және әдістемелік негіздемелері.
6. Білімнің дамуын түсінудің К.Поппер мен С.Тулмин ұсынған эволюциялық тәсілі.
7. П. Фейерабенд еркін қоғамдағы ғылымның орны туралы.
8. Т.Кунның әдістемелік идеяларының конвенционалдық алғышарттары.
9. Білімнің дамуының И.Лакатос ұсынған концепциясы.
10. Білімнің дамуының кумулятивтік үлгісі, оның мәні және негізгі өкілдері.
11. Ғылым философиясындағы ақиқат ұғымы.

12. Ғылымның тілін сараптау – аналитикалық философияда ғылым мәселелерін шешу құралы.
13. Ғылыми революциялардың мәні және құрылымы.
14. Ғылыми білімді дамуыш күрделі жүйе ретінде түсіну.
15. Қоғам туралы ғылымдар мен табиғат туралы ғылымдардың ұқсастығы мен айырмашылықтары.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

Негізгі:

1. История и философия науки. Под ред. Крянева Ю.В., Моториной Л.Е. - М.: ИНФРА-М, 2011. - 416 с.
2. Мырзалы С.К. Ғылымның тарихы мен философиясы. – Алматы: Бастау, 2014.
